ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша**)**

2024 жылғы 29 шілде № 5501-24-00-2/2093 ісі Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А. Т. Ищанов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы білім басқармасының Ақсу қаласы білім бөлімінің" Ақсу қаласының №8 орта мектебі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Багила Жаксылыковна Оразова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІМІ:</u>

АПК-нің 109, 223-226, 267-2-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ақсу қаласы білім бөлімінің "Ақсу қаласының №8 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Багила Жаксылыковнаға Оразова жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылсын.

Багила Жаксылыковна Оразова жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Багила Жаксылыковна Оразова жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 960 (бір мың тоғыз жүз алпыс) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі шығыстар 1 904 (бір мың тоғыз жүз төрт) теңге мөлшерінде өндіріп алынсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы. Егер жауапкерге талап арыздың келіп түскені және оны оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуде қарағаны туралы тиісті түрде хабарланбаған және кері қайтарып алуды, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда өтініш беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптарды ескере отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген қағидалар бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарты туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірмесі дұрыс:
Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 29.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.09.2024, судья Ищанов А. Т., 09.09.2024

5501-24-3-1/2280